



АҚШ Әділет министрлігі
Федералдық тергеу бюросы

ҚАУІП пен ҚОРҚЫТУҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ НҰСҚАУЛЫҒЫ



ЖЕКЕ БАС ҚАУІП

ЖЕКЕ БАС ҚАУІП қатерлі адамға жақын маңда болған себепті тіке қауіпке ұшыраған кезіңізде туады. Үш түрлі әрекет жасай аласыз:

- 1. Қашу:** құтылу жолын анықтаңыз. Жүрісіңізді баяулататын заттардан арылыңыз. Мүмкін болса, басқалардың қашып кетуіне көмектесіңіз. 911 нөміріне қоңырау шалыңыз.
- 2. Жасырыну:** қауіп көзінен алшақтау жерге бой тасалаңыз. Есікті құлыптаңыз, я кіреберіске тосқауыл зат қойыңыз. Қалта телефон дыбысын (діріл режимін де) өшіріңіз және қауіп сейілгенше үн шығармаңыз.
- 3. Қарсыласу:** Өміріңізге анық қауіп төнсе ғана ашық қарсыласу соңғы амалыңыз болуы керек. Қауіпті жоюға тырысыңыз. Шамаңыз келгенше дене күшін қолданыңыз.

Тіке қауіп төндірмейтін немесе кейінірек жүзеге асатын түрде ЖЕКЕ БАСҚА ҚАУІП төндіру.

- Қатерді ести сала, сөзбе-сөз жазып алыңыз немесе басқаша таспаға түсіріңіз.
- Қауіп төндіруші адамның сипатын барынша жан-жақты жазып алыңыз: аты-жөні, бет келбеті, тері түсі, жынысы, бойы, салмағы, шашы мен көзінің түсі, дауысы, киімі немесе кез келген басқа ерекше белгісі.
- Құқық қорғау органдарына қауіп туралы хабарлаңыз.



ТЕЛЕФОН ҚАУІП

ТЕЛЕФОН ҚАУІП – телефон арқылы төнген қауіп. Қауіп төндіруші сізге немесе басқаларға жақын жерде тұрып зиян келтірмесе, қоңырау шалушы мен төнген қауіп туралы көбірек ақпарат алуға тырысуыңыз керек.

- Сабырлы болыңыз және тұтқаны қоя салмаңыз.
- Қоңырау шалушыны мүмкіндігінше ұзақ сөзге тартыңыз және қауіптің түрін, шынайылығын және сізге һәм басқаларға тікелей төніп тұрғанын анықтау үшін мәлімет алуға тырысыңыз.
- Мүмкін болса, маңайыңыздағы басқа адамдарға белгі беріп, телефонды тыңдатып, құқық қорғау органдарына хабар бергізіңіз.
- Телефонның электрондық дисплейіндегі барша ақпаратты көшіріп алыңыз.
- Қауіп төндірушінің нақты сөз қолданысын жазыңыз.
- Мүмкін болса, қоңырауды таспаға түсіріңіз.
- Құқық қорғау қызметкерлерімен қауіптің жай-жапсарын талқылауға дайын болыңыз.



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ХАБАР ҚАУІП

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ХАБАР ҚАУІП – тікелей хат-хабар алмасу, электрондық пошта немесе әлеуметтік желі арқылы төнген қауіп. Бұған талаптарым орындалмаса, бопсалаймын, я қиын жағдайға ұшыратам деп қорқыту жатады.

- Бейтаныс адамдар жіберген электрондық хатты немесе тіркеме құжатты ашпаңыз.
- Әлеуметтік желіде белгісіз немесе беймәлім адамдармен қарым-қатынасқа түспеңіз.
- Қауіпсіздік параметрлері қорғаныстың ең жоғары деңгейінде орнатылғанын тексеріңіз.

Электрондық қауіп төнген жағдайда:

- Хат-хабарды жоймаңыз. Сот сараптамасы маңызды мәліметтерді анықтауы мүмкін.
- Хатты компьютерде ашық қалдырыңыз.
- Құқық қорғау органдарына дереу хабарлаңыз.
- Хатты, тақырыбын, күні мен уақытын принтерден басып шығарыңыз, суретке түсіріңіз немесе көшіріп алыңыз.
- Барлық электрондық айғақты сақтап қойыңыз.



КИБЕР ШАБУЫЛ

КИБЕР ШАБУЫЛ электрондық құрылғыңызды бұзып кіріп, жеке мәліметіңізді жария етуі мүмкін.

- Күрделі құпия сөз тіркестерін пайдаланыңыз және бірнеше веб-сайт үшін бірдей құпия сөз бен пароль пайдаланбаңыз.
- Вирусқа және зиянды бағдарламаларға қарсы қосымшаларды автоматты түрде жаңаратындай етіп орнатыңыз.
- Жүйе мен бағдарламаның жаңарған нұсқасы шыға салысымен орнатыңыз.
- Қос факторлы аутентификацияны қолданыңыз.
- Деректердің сақтық көшірмесін үнемі жаңартып отырыңыз.

Кибер шабуылға ұшырадым деп күдіктенсеңіз:

- Компьютер жүйелерін жоймаңыз немесе өзгертпеңіз.
- Аккаунттарыңызды жеке бас мәліметі ұрлығынан қорғау үшін қаржы институттарына дереу хабарлаңыз.
- Құпия сөз тіркестерін өзгертіңіз және аккаунтыңызда күдікті әрекет бар-жоғын тексеріп, бақылаңыз.

Жеке басыңызға тіке қауіп төніп тұрса, 911 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Қауіпке душар болсаңыз, жергілікті ФТБ кеңсесіне хабарласыңыз (тізімді www.fbi.gov веб-сайтынан табасыз), немесе 1-800-CALLFBI, (1-800-225-5324), әйтпесе www.fbi.gov/tips сайты арқылы мәлімет жіберіңіз.

Телефон немесе онлайн хабар арқылы ФТБ-ға жасырын мәлімет берсеңіз де болады.



АҚШ Әділет министрлігі
Федералдық тергеу бюросы

ҚАУІП пен ҚОРҚЫТУҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ НҰСҚАУЛЫҒЫ



Қатерге, я қорқытуға ұшырасам, кімге хабарласуым керек: жергілікті полицияға ма, әлде ФТБ-ға ма?

- Сізге немесе басқаларға шұғыл қауіп төніп тұрса, 911 нөміріне қоңырау шалып жергілікті полицияға хабарласыңыз.
- Егер федералдық қылмысқа жататындай қауіп төнсе, 1-800-CALLFBI немесе 1-800-225-5324 әйтпесе www.fbi.gov/tips арқылы жергілікті ФТБ кеңсесіне (тізім – www.fbi.gov сайтында) қоңырау шалыңыз. Мысалы, мемлекеттік қызметкерден немесе шетел агентінен қауіп төнсе, хабарлаңыз. Жасырын түрде де хабар бере аласыз.
- Барлық жағдаят ФТБ-ның құзыретіне кірмейді. Федералдық қылмысқа жатпайтын жағдайдың құрбаны болсаңыз, бұл туралы жергілікті полиция бөліміне хабарлауыңыз ләзім. Жергілікті және штат ауқымындағы құзыретті органдар қылмыс пен күдіктіні әртүрлі деңгейде тексереді.



ФТБ менен жауап алса, қайтуім керек?

- ФТБ-ның агенті сізбен ФТБ кеңсесінде немесе басқа жерде кездесе алады.
- ФТБ сізден жәбір қылушы мен төнген қауіп туралы мүмкіндігінше көбірек мәлімет беруіңізді сұрайды.
- ФТБ қажет болған жағдайда сізбен хабарласу үшін байланыс ақпаратыңызды сұрауы мүмкін.
- ФТБ жеке бас мәліметіңіз бен құпиялық жағдайын қорғауға тырысады.
- Керек болса, ақпарат беру мен қолдау көрсету үшін ФТБ-ның Жәбірленуші жөніндегі маманы жауап алуға қатысуы мүмкін немесе кейін телефон, я пошта арқылы хабарласуы мүмкін.



ФТБ-ның шағымды тексеруіне және/немесе тергеу жүргізуіне не жайт себеп болады?

- ФТБ АҚШ федералдық заңдарын бұзатын және жәбірленушіге зиян тигізетін немесе қатер төндіретін қауіпті тексере алады.
- АҚШ үкіметінің жеке тұлғаларға қауіп төндіруге байланысты жазалау мүмкіндігі бірнеше факторға байланысты. Мысалы: айғақтың сапасы, жәбір қылушыны анықтау мүмкіндігі, қастандықты анықтау және/немесе құқық бұзушы адамды ұстау мүмкіндігі.



ФТБ тергеу бастаса, соңы не болады?

- Егер ФТБ федералдық қылмыс жасалған болуы мүмкін деп есептесе, бір немесе бірнеше ФТБ арнайы агенті тергеп-тексеру жүргізеді. Тергеу аясында арнайы агенттер айғақ жинайды, бұған сізден және басқа жәбірленушілерден жауап алу да кіруі мүмкін.
- Сізден федералдық үлкен қазы алқасының алдында болған жайтты сипаттауды сұрауы мүмкін.
- Тыңғылықты тексеру жүзеге асады. Тергеудің ұзаққа созылуы және сізге оның барысы туралы хабарланбауы мүмкін. Сізге тексеру кезіндегі қамауға алу немесе айып тағу сияқты маңызды оқиғаларды хабарлап отыруға барынша күш салынады. ФТБ мүмкіндігінше мұндай ақпаратты жалпыға жариялаудан бұрын сізге айтуға міндеттенеді. Бірақ, ФТБ тергеуге зиян келтіретін немесе құқық қорғау органдарына қауіп төндіретін құпия ақпаратты жарияламау үшін әрқашан сақ болуы керек.
- ФТБ-ның Жәбірленуші жөніндегі маманы анықталған жәбірленушілерге қолдау жасауға, ақпарат беруге және кез келген қажетті жергілікті ресурстарға қатысты жөн сілтеуге әзір тұрады.

Қорқыту мен қоқан-лоқыға ұшырау туралы хабарыңыз тергеуге түрткі болмағанның өзінде, ФТБ-нің қауіпті қадағалауына және үрдісті анықтауына септесіп, басқа жәбірленушілерге көмектесуі мүмкін.

ФТБ КЕҢСЕСІНІҢ ҚАЛА ЖӘНЕ ШТАТ БОЙЫНША БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТІ – WWW.FBI.GOV САЙТЫНДА. ШҰҒЫЛ ҚАУІП ТӨНСЕ, 911 НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.